

Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама қағидалары

1-тарау. Ұғымдар және қысқартулар

1. Егер осы Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) мәтінінде Банк өзгеше шарттарды айқындамаса, Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулардың мынадай мағыналары бар:

1) **Акциялық бонустар** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлем көзінен жеке табыс салығын және әлеуметтік төлемдерді ұстай отырып, Банк/серіктес қаражаты есебінен Бірыңғай бонустық шотқа Банктің есептейтін шартты бірліктері. Акциялық бонустың құнын Банк теңгеге эквивалентте белгілейді;

2) **Банк** – «Alatau City Bank» акционерлік қоғамы;

3) **Эквайер банк** – сауда және сервис кәсіпорнына қызмет көрсететін банк;

4) **Бонустар** – Карта/QR байланыстырылған ағымдағы шотты пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай бонустық шотқа Банк есептейтін шартты бірліктер. БШ-ға Бонус есептелетін қолма-қол ақшасыз төлемдердің түрлері мен шарттары Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген. Бонустың құнын Банк теңгеге эквивалентте белгілейді;

5) **Бонустық шот (БШ)** – бантік шотқа жатпайтын, карта эмиссиясы сәтінде Банк әрбір Клиентке ашатын және онда Банк Бонустар және/немесе Акциялық бонустар бойынша операциялардың: есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығарудың есебін және белсенді қалдық есебін жүргізетін шот;

6) **Қосымша бонустық шот (ҚБШ)** – бантік шотқа жатпайтын, Банк клиентке Family Card эмиссиясы кезінде ашатын және Банк бонустар және/немесе акциялық бонустар бойынша операцияның есебін жүргізетін шот: есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығару және баланстың белсенді қалдығы;

7) **Қосымша карта** – негізгі төлем карточкасына қосымша бантік шотқа (шоттарға) қол жеткізу құралы ретінде клиентке немесе Клиенттің өтініші бойынша үшінші тұлғаға шығарылған төлем карточкасы;

8) **Жалақы жобасы** – Банкпен жалақы аудару туралы шарт жасасқан ұйымдар қызметкерлерінің пайдасына ағымдағы шоттар ашу, төлем карточкаларын шығару және жалақы сомаларын және оларға теңестірілген басқа да төлемдерді аудару жөніндегі Банктің қызметі;

9) **Карта** – Банкпен жасалған жеке тұлғаға бантік қызмет көрсетудің кешенді шартына/бантік шотты ашу және оған қызмет көрсету, төлем картасын беру және оған қызмет көрсету туралы Шартқа және төлем картасын беру туралы басқа шартқа сәйкес Клиентке тауарды/қызметті сатып алу үшін қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлем жасауға және басқа да операциялар жасауға мүмкіндік беретін, Банк шығаратын төлем картасы;

10) **Сатып алу санаты** – МСС немесе басқа өлшемшарт бойынша топтастырылған, Мобильді қосымшада белгілі бір деңгеймен, Қағидалардың қосымшасында айқындалған Банктен/Серіктестен Бонустарды/Акциялық бонустарды есептеудің жоғары мөлшерімен Клиент таңдаған және/немесе қосқан серіктестер санаты;

11) **Клиент** – Банкпен Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартын / банктік шотты ашу және қызмет көрсету, төлем картасын беру және қызмет көрсету туралы шартты жасасқан жеке тұлға, карта ұстаушы;

12) **Мобильді қосымша** – Клиентке Банктің электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін, мобильді құрылғыда (смартфон, планшет және т.б.) іске қосылған Банктің бағдарламалық жасақтамасы;

13) **Серіктес** – Банкпен клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қарым-қатынастары бар тұлға;

14) **Есептік кезең** – Клиентке оның белсенділігін көрсетуге және карта бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдер жүргізуге бөлінетін, ұзақтығы күнтізбелік айға тең кезең (Қағиданың 1-кестесінде толығырақ);

15) **Бонустарды/Акциялық бонустарды жұмсау** – Бонустарды/Акциялық бонустарды пайдалана отырып, Клиенттің карта арқылы қол жеткізуге болатын ағымдағы шоты арқылы тауарлар/қызметтер төлемі жүргізілетін транзакция;

16) **Деңгей** – Бонустарды ұсыну және сатып алу санаттарын таңдау шарттарын анықтайтын сипаттама. Деңгей Карталар бойынша алдыңғы есеп айырысу кезеңінде Клиенттің жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемдеріне және белсенділігіне байланысты ұсынылады. Деңгейді Банк Клиентке мобильді қосымшада алдыңғы есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күнінен бастап автоматты түрде береді және ағымдағы есеп айырысу кезеңі ішінде қолданыста болады;

17) **Family Card** – Клиент көрсеткен үшінші тұлғаларға Мобильді қосымшаға қол жеткізуді ұсына отырып, қосымша карта(лар) шығаруды және банктік шот(тар) ашуды кездейтін Банктің отбасылық өнімі;

18) **MCC (Merchant Category Code)** – эквайер-банк беретін сауда және сервис кәсіпорны қызметінің түрін айқындайтын төрт таңбалы код;

19) **QR** – Клиентті, тауар (жұмыс, қызмет) туралы деректерді, Карта байланыстырылған ағымдағы шоттың деректемелерін сәйкестендіруге, сондай-ақ Банк қабылдайтын визуалды машинада оқылатын штрих-кодтарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын операцияларды жүргізуге нұсқау беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Банк қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, операциялар, электрондық ақпараттық және транзакциялық банк қызметтерін жасау технологиясы.

2-тарау. Кіріспе

2. Қағидалар Банктің бонустарды есептейтін талаптарын, оларды Банктің есепке алуын және бонустарды жұмсау талаптарын айқындайды.

3. Қағида сатып алу Деңгейлері мен Санат түрлерін, оларды айқындау/таңдау тәртібін белгілейді.

4. Қағидалар ашық ақпаратқа жатады және банктік құпияны немесе коммерциялық құпияны қамтымайды.

5. Банктің Акциялық бонустарды есептейтін талаптарын Банктің уәкілетті органы айқындайды, егер Банктің уәкілетті органының шешімінде өзгеше көрсетілмесе, Акциялық бонустарды пайдалану тәртібін және басқа да талаптарды Қағида реттейді.

3-тарау. Деңгей түрлері

6. Клиенттерге қызмет көрсету кезінде Банк 4 (төрт) деңгейді ұсынады:

- 1) «Family»;
- 2) «Silver»;
- 3) «Gold»;
- 4) «Premium».

7. Әр Деңгей үшін Банк өзінің бонустарының мөлшерін белгілейді. Деңгейлерді Банк өз бетінше өзгерте және/немесе толықтыра алады.

8. Тиісті Деңгейдің талаптары, Бонустардың мөлшері және Сатып алу санаттарының санын таңдаудың қолжетімділігі сәйкесінше 1-кестеде және 2-кестеде берілген.

1-кесте

Деңгей талаптары (Деңгейге жету үшін төменде көрсетілген барлық талаптарды сақтау керек)	«Family»	«Silver»	«Gold»	«Premium»
Алдыңғы есептік кезеңде Клиенттің барлық карталары бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдер	талаптар жоқ	талаптар жоқ	70 000 (жетпіс мың) теңгеден бастап немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады)	120 000 (жүз жиырма мың) теңгеден бастап немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады)
Өткен есептік кезеңде Банкте ашылған банктік салым(-дар) да (тек мерзімді жинақ ақша шоттары) Банктің операциялық күнінің соңында күнделікті ақша қалдықтарының болуы*	талаптар жоқ	талаптар жоқ	талаптар жоқ	500 000 (бес жүз мың) теңгеден кем емес немесе немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады)
Банк шығарған дебеттік төлем картасының болуы	«Family card» өнімі бойынша қосымша карта	кез келген карта	кез келген карта	кез келген карта

* Егер Клиент есепті кезеңде банктік салымды жауып, жаңасын ашқан жағдайда, онда бұл банктік салым келесі есепті кезеңде "Premium" деңгейін айқындау кезінде есепке алынбайды.

Бонус мөлшері және сатып алу санатының (санаттарының) қолжетімді таңдауы				
Деңгейі	«Family»	«Silver»	«Gold»	«Premium»
QR арқылы жүзеге асырылған төлемдерді қоспағанда, ағымдағы Есептік кезеңдегі ¹ бонустың мөлшері	1 %			
QR арқылы жүзеге асырылған төлемдерді қоспағанда, жалақы жобасындағы клиенттер үшін ағымдағы Есеп айырысу кезеңіндегі ¹ бонус мөлшері	2 %			
QR арқылы жүзеге асырылған төлемдерді қоспағанда, Рау премиум жалақы дебеттік картасын ¹ ұстаушылардың клиенттері үшін ағымдағы есеп айырысу кезеңіндегі бонус мөлшері	3 %			
QR Alatau City** Alatau City Bank/ Tole POS-терминалдары арқылы мобильді қосымшаның QR-сканерін пайдалана отырып сатып алу ақысын төлеу (дебеттік төлем карталары үшін)	1,5%	1%	1,5%	2,5%
QR** Басқа банктердің POS-терминалдары арқылы мобильді қосымшаның QR-сканерін пайдалана отырып сатып алуларға ақы төлеу (дебеттік төлем карталары үшін)	1%	0,5%	1%	2%
Ағымдағы есептік кезеңде мобильді қосымшада сатып алу санаттарының санын таңдау	2	1	2	4

9. Сатып алу санатын таңдау опциясы Мобильді қосымшада қарастырылған және өз құрамында Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген сатып алу санаттарын қамтиды. Сатып алу санаттарының тізімі және олардың аясында есептелетін Бонустардың мөлшері Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген. Сатып алу санаттарының тізімін және Бонустардың мөлшерін Банк біржақты тәртіпте анықтайды.

¹ Бонустарды есептеу бойынша ерекшеліктер, сондай-ақ Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес сатып алу санаттарында төмендетілген немесе жоғарылатылған бонустар төленеді.

** Банк алдын ала белгілеген сатып алу санаты барлық деңгейлерге қолданылады.

10. Әрбір деңгейде Клиент 1 (айына бір рет) сатып алуларының қажетті санатын (санаттарын) қосуды таңдауға болады. Клиент таңдаған Сатып алу санаттары Есеп айырысу кезеңінің қолданыста болатын айының соңғы күніне дейін жарамды болады. Банк Клиентке Мобильді қосымшада Сатып алудың белгілі бір санаттарын дербес орнатып, қосуға құқылы.

11. Банк деңгей берген күннен бастап Клиент қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыратын ағымдағы есеп айырысу кезеңі басталады. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді есепке алу Деңгейді беру сәтінде Банкке келіп түскен қаржы құжаттары бойынша жүргізіледі. Бұл ретте бонустардың деңгейін айқындау және есептеу мақсаттары үшін қолма-қол ақшасыз төлемдерді есепке алуға Қағидалардың 1-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген операциялар кірмейді.

12. Есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін Банк алдыңғы есеп айырысу кезеңі үшін қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша Клиенттің белсенділігін талдайды және келесі айдың 01 (бірінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ағымдағы есеп айырысу кезеңіндегі деңгейін айқындайды.

13. Клиент Есеп айырысу кезеңінде жасалатын қолма-қол ақшасыз төлемдердің ең жоғары сомасын өзі анықтайды.

4-тарау. Бонустар есептеу тәртібі

14. Осы Тарауда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банктің бонустарды есептеуі Деңгейге сәйкес және байланыссыз төлемді қоса алғанда Картаны немесе оның деректемелерін пайдаланумен POS-терминалдар арқылы немесе Интернет желісінде (электронды дүкендер), операцияларды авторизациялау кезінде QR-код арқылы жүргізілген Клиенттің қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша аналитикалық деректердің негізінде жүргізіледі, ал БШ/ҚБШ-та Бонустарды есепке алу (есептеу) эквайер банктердің қаржы құжаттарының түсуіне байланысты жүзеге асырылады. Қағидалардың 1-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген операцияларды қоспағанда, Бонустар есептеу үшін Банк Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген сауда және сервис кәсіпорындарында/серіктестерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде Интернет желісінде жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз төлемдерді есепке алады.

15. Бонустарды есептеу бойынша шарттар мен ерекшеліктер, бір қолма-қол ақшасыз төлем бойынша және бір ай үшін бонустың ең жоғары сомасы Қағидалардың қосымшасында көрсетілген.

16. МСС-ерекшеліктерге жататын немесе төмендетілген бонус төлеумен сауда және сервис кәсіпорындарында сатып алу үшін деңгейге сәйкес бонустардың орнына Қағидаларға қосымшада белгіленген мөлшерде бонустар есептеледі.

17. Сатып алудың әрбір санаты бойынша сатып алу үшін, оны мобильді қосымшада Клиент таңдаған немесе Банк белгілеген жағдайда, жоғары мөлшердегі бонустар есептеледі. Мұндай бонустардың мөлшері мобильді қосымшада көрсетіледі. Егер клиент мобильді қосымшада сатып алу санатын (санаттарын) таңдамаған жағдайда немесе сатып алу МСС таңдалған сатып алу санатына сәйкес келмейтін сауда және сервис кәсіпорнында жасалған болса, жоғарылатылған бонус есептелмейді, Клиент Деңгейіне сәйкес Бонус алады.

18. Үшінші тұлғалардың атына ресімделген қосымша карталар бойынша бонустарды/Акциялық бонустарды есептеу «Family card» өнімі бойынша қосымша карталарды қоспағанда, қосымша карта ресімделген картаның негізгі иесінің БШ жүзеге асырылады.

19. Банк эквайер банктердің сауда және сервис кәсіпорнының МСС-ті дұрыс қолданбауын қадағаламайды.

20. Есептелген бонустар туралы ақпарат Мобильді қосымшада қолжетімді.

5-тарау. Басқа талаптар

21. Банк Қағидаларға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды Қағидаларды жаңа редакцияда немесе Қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар мәтінін Банктің интернет-ресурсында/Мобильді қосымшада орналастыру арқылы біржақты тәртіппен енгізеді. Банк Қағидалардың күшін жоюы мүмкін. Банк клиенттерге Банктің интернет-ресурсында және/немесе мобильді қосымшада маркетингтік және/немесе ақпараттық хабарламалар беру арқылы Қағидалардың өзгергені және/немесе толықтырылғаны туралы не олардың жойылғаны туралы хабарлауға құқылы. Егер Банк өзгеше көрсетпесе, Қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар олар Банктің интернет-ресурсында/мобильді қосымшада жарияланған сәттен бастап жарамды болады.

22. Бонустарды/Акциялық бонустарды тек Мобильді қосымшада жүзеге асырылады.

23. Банк Клиенттерге арнайы акциялар/ұсыныстар және олардың шарттары туралы тиісті ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында немесе мобильді қосымшада және/немесе Банктің таңдауы бойынша Клиент үшін басқа да қолжетімді тәсілмен орналастыру арқылы хабарлайды.

24. БШ/ҚБШ бонустарының/акциялық бонустарының қалдығын Банк келесі жағдайлардың кез келгенінде жояды:

1) клиенттің бастамасы бойынша карта жабылған кезде (басқа карталар болмаған кезде);

2) клиенттің бастамасы бойынша «Family Card» өнімі бойынша қосымша картаны жапқан кезде;

3) карта байланыстырылған ағымдағы шотты жабу (басқа ағымдағы шот болмаған кезде);

4) карта байланыстырылған ағымдағы шот бойынша операция болмаған кезде соңғы операция жүргізілген күннен бастап 180 (бір жүз сексен) күн ішінде;

5) БШ/ҚБШ бойынша операция болмаған жағдайда (бонустарды/акциялық бонустарды есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығару) БШ/ҚБШ бойынша соңғы операция жасалған күннен бастап 180 (жүз сексен) күн ішінде.

25. Клиенттің банктік шоттарының ең болмағанда бірінде бұғаттау (тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру, орындалмаған инкассо талаптарының, төлем талаптарының және т.б. болуы) болған кезде бонустарды/акциялық бонустарды жұмсау жүзеге асырылмайды. Клиент бонустарды/Акциялық бонустарды пайдалана отырып жүзеге асырылған сатып алудың күшін жойған/қайтарған жағдайда, банктік шотты оқшаулау сәтінде Банктің БШ/ҚБШ-та пайдаланылған бонустардың/Акциялық бонустардың сомасын қалпына келтіруге тыйым салуға құқығы бар.

26. Егер Клиент керісінше растағанға дейін Қағидалардың талаптарын теріс пайдаланды деген күдік туындаса Банк қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін бонустар есептемеуі мүмкін (тауар чектерін және басқа құжаттарды, оның ішінде Банктің сұрауы бойынша ұсынылатын құжаттарды ұсыну).

Банктік деректемелері:

«Alatau City Bank» АҚ,

А26F8T9, Қазақстан Республикасы,

Алматы қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй

БСН 920140000084

Қалалық телефоны: +7 (717) 258-77-11, мобильді телефоны: 7711

E-mail: info@alataucitybank.kz

Банктің интернет ресурсы: www.alataucitybank.kz

«Alatau City Bank» АҚ
Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама қағидаларына
1-қосымша

Басқа карта өнімдерін қоса алғанда, карталар санына қарамастан, бір (1) Клиентке есептелетін бонустардың ең көп мөлшері:

- «Silver» деңгейлі Клиенттер үшін айына 15 000 (Он бес мың) Бонустан* аспауы керек;

- «Gold» және «Family» деңгейлі Клиенттер үшін айына 25 000 (Жиырма бес мың) Бонустан* аспауы керек;

- «Premium» деңгейлі Клиенттер үшін айына 40 000 (қырық мың) бонустан* аспауы керек;

- «Elite» өнімі мен Рау премиум жалақы дебеттік картасы үшін премиум карталарын ұстайтын Клиенттер үшін айына 50 000 (елу мың) бонустан* аспауы керек;

1 (бір) аяқталған транзакция (қолма-қол ақшасыз төлем) үшін берілетін Бонустардың ең көбі 10 000 (он мың) Бонустан* аспауы керек.

** Бір айға және бір транзакцияға бонустарды есептеу лимиттері (қолма-қол ақшасыз төлем) картаны немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, барлық қолма-қол ақшасыз төлемдерге, сондай-ақ QR көмегімен төлемдерге қолданылады.*

Бонустың құны: 1 (бір) Бонус 1 (бір) теңгеге тең.

Бонус Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген сауда және сервис кәсіпорындарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінде/шегінен тыс Интернет операциялары бойынша жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша ғана қолданылады.

Бонустарды пайдалану мобильді қосымшада келесі операцияларға қолжетімді:

• «Төлемдер» бөліміндегі қызметтер (букмекерлік кеңселерге төлемдерді, салықтар мен айыппұлдарды, МҚҰ төлеуді және осы 1-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген қарыздарды, өзге де қызметтерді өтеуді қоспағанда).

Картасы «Salary Universal» тарифтік пакеті шеңберінде жалақы жобасына қосылған Клиенттер үшін осы қосымшаға сәйкес алдыңғы Есептік кезең үшін қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемін немесе деңгейге қойылатын өзге талаптарды есепке алмағанда «Premium» деңгейін беру көзделген. «Premium» деңгейін беру есептік кезеңнің соңғы күнінде жүзеге асырылады.

Жалақы жобаларына қосылған компаниялардың басшылары болып табылатын Клиенттер, Банктің дебеттік сыйлықақы карталарын ұстаушылар (Жалақы жобасына қосылған сыйлықақы карталары) үшін алдыңғы Есептік кезең үшін қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемін немесе осы қосымшаға сәйкес деңгейге қойылатын өзге де талаптарды ескермей «Premium» деңгейін беру көзделген. «Premium» деңгейін беру Есептік кезеңнің соңғы күнінде жүзеге асырылады.

Сатып алу санаттары және олардың сипаттамасы

1-кесте

Санаты	Бонус	МСС ²	Сипаттамасы
Супермаркеттер	Банктің жалақы жобаларының карталарын ұстаушылар үшін 3 %	5411	Азық-түлік дүкендері, супермаркеттер, жалпы дүкендер
	«Elite» өнімі бойынша сыйлықақы карталарын ұстаушылар және Рау сыйлықақы жалақы дебеттік картасын ұстаушылар үшін 5%		
Кафе және мейрамханалар	3 %	5814*** 5462 5441	Фаст-фуд мейрамханалары (Fast Food), кофеханалар
			Нан-тоқаш өнімдері, кондитерлік өнімдер
			Кондитерлік дүкендер
	5%	5811 5812*** 5813	Азық-түлік жеткізушілері
			Кафелер, мейрамханалар
			Барлар, дискотекалар, Түнгі клубтар мен таверналар
Тағам жеткізу	5 %	5812****	Дайын тағамды мейрамханалар мен кафелерден курьермен онлайн режимінде тапсырыс беру арқылы жеткізу (e-com сатып алу)
		5814****	
Киім және аяқ киім	3 %	5691	Ерлер мен әйелдер киімдері мен аксессуарлары дүкендері
		5681	
		5621	Тері бұйымдарын жасау және сату
		5137	Әйелдер киім дүкендері
		5611	Ерлер, әйелдер, балалар және коммерциялық киімдер
		5651	
		5631	Ерлер киімдері мен аксессуарлары дүкендері
5655			

² МСС санаттарының тізімін Банк біржақты тәртіппен толықтыруы және қысқартуы мүмкін

*** Интернетте жасалған МСС деректеріндегі сатып алу төлемдерін қоспағанда (e-com сатып алу).

		5661	Бүкіл отбасына арналған киім дүкендері
		5941	Әйелдерге арналған аксессуарлар мен киімдер
		5699	Спорттық киім, атқа мінуге және мотоциклге арналған киім
			Аяқ киім дүкендері
			Спорттық киім және тауарлар дүкендері
			Әр түрлі киім және аксессуарлар дүкендері
	5%	«Elite» өнімі бойынша сыйлықақы карталарын ұстаушы-клиенттер және Рау сыйлықақы жалақы дебеттік картасын ұстаушылар үшін	
Такси****	7 %	4121	Автомобильдерде және такси қызметтерінде жолаушыларды тасымалдау қызметтері.
		4784	Жолдарда, трассаларда және көпірлерде жүру ақысына сәйкес келетін төлемді жинайтын сауда нүктелері.
Сұлулық салондары, Косметика (Банктің жалақы жобаларының карталарын ұстаушылар үшін және «Elite» өнімі бойынша сыйлықақы карталарын ұстаушы клиенттер үшін)	5 %	5977	Парфюмерия дүкендері
		7230	Сұлулық салондары мен шаштараздар
		7298	Денсаулық салондары (жеке немесе терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөп орамдары, күнге күю процедуралары, ыстық ванналар, бу ванналары)
Онлайн кино және музыка ****	15 %	5815 4899 5968 7841 5818 5735	Фильм және музыка қызметтері: Megogo, Netflix, Amedia, Amediateka, Ivi.ru, Yandex plus, Spotify, Apple music және т. б.
Фитнес және SPA	5 %	7941	Кәсіби және әуесқой спорт клубтары, спорт алаңдары және спорттық промоутерлер
		7997	Мүшелік клубтар (спорттық, ойын-сауық), ауылдық клубтар және жеке гольф алаңдары, жүзу, теннис, атқыштар, боулинг лигалары, атқа міну клубтары

		7911	Би залдары, студиялар мен мектептер
		7297	Массаж қызметтерін ұсынатын терапевтік қабылдау бөлмелері. Олардың кейбіреулері бет массажы және ароматерапия сияқты жеке емдеу әдістерін де ұсына алады
		7298	Денсаулық салондары (жеке немесе терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөп орамдары, күнге күйу процедуралары, ыстық ванналар, бу ванналары)
		7032	Рекреациялық және спорттық лагерлер
Жиһаз	5 %	5712	Жабдық, жиһаз және тұрмыстық керек-жарақтар (электр жабдықтарынан басқа)
Ойын қызметтері****	3 %	5817	Цифрлық тауарлар-қосымшалар
		5816	Цифрлық тауарлар-ойындар
		5734	Бағдарламалық қамтамасыз ету
		5818	Цифрлық тауарлар – көп санат
Медициналық қызметтер	5 %	4119	Жедел медициналық көмек
		8011	Дәрігерлер (басқа рубрикаларда жіктелмеген)
		8021	Стоматологтар мен ортодонттар
		8031	Остеопаттар
		8041	Хирургтар
		8042	Оптометрлер мен офтальмологтар
		8049	Ортопедтер
		8050	Науқастарды күту және денсаулықты күту, қарттар үйлері, хоспис мекемелері және басқа да ұзақ мерзімді күтім мекемелері бойынша қызметтер
		8062	Ауруханалар
		8071	Медициналық және стоматологиялық зертханалар
8099	Медициналық қызметтер және медицина қызметкерлері (басқа айдарларда жіктелмеген).		
Саяхат	3 %	3000-3350	Әуе желілері, авиакомпаниялар
		4511	Әуе желілері, авиакомпаниялар - басқа жерде жіктелмеген
		4722	Туристтік агенттіктер мен экскурсияны ұйымдастырушылар.
			Мобильді қосымша арқылы төлеу
Білім беру	5%	8211	Мектепке дейінгі/мектеп ұйымдарының қызметтері
		8220	Колледж, университет қызметтері
		8241	Сырттай мектеп қызметтері

		8244	Білім беру мекемелерінің қызметтері: бизнес және референттік
		8249	Кәсіптік-техникалық мектептің қызметтері
		8299	Білім беру мекемелерінің қызметтері: мектептер мен білім беру
ЖМҚС (Банктің жалақы жобаларының карталарын ұстаушылар үшін және «Elite» өнімі бойынша сыйлықақы карталарын ұстаушылардың клиенттері үшін)	5 %	5542	Автоматтандырылған жанармай құю станциялары сатып алушыларға автоматты режимде жанармай құю машинасында пластикалық картаны пайдалануға мүмкіндік береді.
		5541	Аумағында өзіне-өзі қызмет көрсету дүкендері, машиналарды жуу немесе техникалық қызмет көрсету станциялары болуы мүмкін жанармай құю станциялары. Бұл сауда нүктелері сатып алушыны қызмет көрсетушіге картаны ұсынуға және чекке қол қоюға шақыра отырып, Master Card картасын төлеуге қабылдайды. Автоматтандырылған бензин құю үшін MCC 5542 қолданылады.
Online Marketplaces****	3 %	5262	Пайдаланушыларға бір сайтта әртүрлі сатушылардан тауарлар мен қызметтерді сатып алуға мүмкіндік беретін Онлайн платформалар.
Балаларға арналған тауарлар	20%	5641	Балалар киімдері, керек-жарақтары мен аксессуарлары дүкені
		5945	Ойыншықтар, ойындар және түрлі хоббиге арналған тауарлар дүкені

**** Физикалық төлем терминалы арқылы жасалған MCC деректерін сатып алуды қоспағанда (e-com сатып алулары емес).

2-кесте

Бонус МСС келесі санаттары бар POS-терминалдарда қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша есептелмейді:

Атауы	МСС	Бонус
Қолма-қол ақша алу	6011 Банкоматтан қолма-қол ақша алу	0 %
	6010 Банктен немесе кассадан қолма-қол ақша алу	
Ақша аударымдары, ақша аудару	4829 Ақша аударымы	0 %
	6531 Қызметтер үшін төлем - ақша аударымдары	
	6532 Төлем операциясы – қаржы мекемесі	
	6533 Төлем операциясы - саудагер	
	6534 Ақша аударымы – қаржы мекемесі	
	6536 Ел ішінде картадан картаға аудару	
	6537 Елдер арасында картадан картаға аудару	
Қаржы институттары көрсететін сауда сатып алуларына немесе қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі операциялар	6012 Қаржы мекемелері институттары - Сауда және қызмет көрсету	0 %
Кедендік төлемдер	9399 Мемлекеттік қызметтер	0 %
Ставкалар мен ставкаларды төлеу, казино чиптерін, шетел валютасын, бағалы металдар мен бағалы қағаздарды сатып алу; пайлармен, ломбардтармен қаржылық мәмілелерді төлеу	7995 Казинолар және құмар ойындар	0 %
	6050 Квази-Кэш - Қаржы мекемелері	
	5094 Бағалы тастар мен металдар, сағаттар және зергерлік бұйымдар	
	6051 Квази-Кэш - Қаржы емес институттар	
	6211 Бағалы қағаздар бойынша брокерлік қызметтер	
	6529 Алдын ала төленген карталарды қайта толтыру	
	6530 Алдын ала төленген карталарды қайта толтыру	
	9223 Ипотека және облигациялар бойынша төлемдер	
	9754 Букмекерлік қызметтер	
	7800 Мемлекеттік лотереялар (АҚШ)	
5933 Ломбардтар		
Ұялы байланыс, интернет және ақылы телевизиялық қызметтерді төлеу бойынша операциялар	4812 Телекоммуникациялық жабдықтар	0 %
	4813 Бірыңғай жергілікті және қалааралық телефон қоңырауларын ұсынатын телекоммуникациялық пернетақта розеткалары	
	4815 Masterphone телефон қызметтері	
	4814 Телекоммуникациялық қызметтер	
	4816 Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер	

	4821 Телеграф қызметтері	
	4899 Кабельдік, спутниктік және басқа да ақылы теледидар және радио қызметтері	
	7372 Бағдарламалау, деректерді өңдеу	
Сақтандыру қызметтеріне ақы төлеу	5960 Тікелей маркетинг – сақтандыру қызметтері	0 %
	6300 Сақтандыру компанияларының қызметтері	
Басқалары	7399 Бизнес қызметтері	0 %
	7276 Салықтарды дайындау қызметтері	
	7311 Жарнама қызметтері	
	6399 Сақтандыру	
	6535 Қаржылық қызметтер	
	7299 Әртүрлі қызметтер	
	8999 Басқа жерде көрсетілмеген қызметтер	
	9402 Пошта қызметтері	
	4112 Жолаушыларды теміржолмен тасымалдау	
Мемлекеттік қызметтер (салық төлемдерін қоса алғанда)	9211 Сот төлемдері	0 %
	9221, 9222 Айыппұлдар	
	9223 Кепілдер мен облигациялар бойынша төлемдер	
	9311 Салықтар	
Коммуналдық төлемдер	4900 Коммуналдық төлемдер	
Авто және жүк көліктеріне қызмет көрсету	5511 Сату, қызмет көрсету, жөндеу, бөлшектер және лизинг	0 %
	5521 Жеңіл және жүк көліктерін сату (тек пайдаланылған)	

3-кесте

Төмендегілген Бонус МСС келесі санаттары бар POS-терминалдарда қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша есептеледі:

Атауы	МСС	Пайыздық мөлшерлеме
Білім беру*****	8211 – мектепке дейінгі/мектеп ұйымдарының қызметтері	0,5 %
	8220 – колледж, университет қызметтері	
	8241 – сырттай мектеп қызметтері	
	8244 – білім беру мекемелерінің қызметтері: бизнес және референттік	
	8249 – кәсіптік-техникалық мектептің қызметтері	

	8299 – білім беру мекемелерінің қызметтері: мектептер мен білім беру	
Басқалары	6513 – жылжымайтын мүлік агенттіктерінің қызметтері	0,5 %
	7523 – автокөлік тұрағына ақы төлеу	
	5300 – көтерме саудагерлер (тауарлардың кең ассортименті бар сауда нүктелері).	
	8398 – қайырымдылық ұйымдары	
Ауыл шаруашылығы	0763 – ауыл шаруашылығы кооперативтік қоғамдары	0,5 %
	0780 – ландшафттық және бау-бақша дүкендері	
	4225 – қоғамдық пайдалану қоймасы	

МСС санаттарының тізімін Банк біржақты тәртіппен толықтыруы және қысқартуы мүмкін.

***** Бұл санат жоғары бонус алу үшін 1-кестеде таңдалған жағдайларды қоспағанда.

«Family» деңгейіне арналған сатып алу санаттары және олардың сипаттамасы
4-кесте

Санаты	Бонус	МСС	Сипаттамасы
Кафелер мен мейрамханалар	3 %	5814***	Фаст-фуд мейрамханалары (Fast Food), кофеханалар
		5462	Нан-тоқаш өнімдері, кондитерлік өнімдер
		5441	Кондитерлік дүкендер
		5811	Азық-түлік жеткізушілері
		5812***	Кафелер, мейрамханалар
		5813	Барлар, дискотекалар, Түнгі клубтар мен таверналар
Тағам жеткізу	5 %	5812****	Дайын тағамды мейрамханалар мен кафелерден курьермен онлайн режимінде тапсырыс беру арқылы жеткізу (e-com сатып алу)
		5814****	

***Интернетте жасалған МСС деректеріндегі сатып алу төлемдерін қоспағанда (e-com сатып алулары);

****Физикалық төлем терминалы (e-com сатып алулары емес) арқылы жасалған МСС деректеріндегі сатып алуларды қоспағанда.

Такси****	7 %	4121	Автомобильдерде және такси қызметтерінде жолаушыларды тасымалдау қызметтері.
		4784	Жолдарда, трассаларда және көпірлерде жүру ақысына сәйкес келетін төлемді жинайтын сауда нүктелері.
Онлайн кино және музыка****	15 %	5815 4899 5968 7841 5818 5735	Фильм және Музыка қызметтері: Megogo, Netflix, Amedia, Amediateka, Ivi.ru, Yandex plus, Spotify, Apple music және т. б.
Ойын қызметтері****	3 %	5817	Цифрлық тауарлар – қосымшалар
		5816	Цифрлық тауарлар – ойындар
		5734	Бағдарламалық қамтамасыз ету
		5818	Цифрлық тауарлар – көп санат
Білім беру	5%	8211	Мектепке дейінгі/мектеп ұйымдарының қызметтері
		8220	Колледж, университет қызметтері
		8241	Сырттай мектеп қызметтері
		8244	Білім беру мекемелерінің қызметтері: бизнес және референттік
		8249	Кәсіптік-техникалық мектептің қызметтері
		8299	Білім беру мекемелерінің қызметтері: мектептер мен білім беру

«Shymbulak Mountain Resort» логотипі бар ко-брендингтік карталарға арналған МСС санаттары және олардың сипаттамасы

Клиенттерге «Shymbulak Mountain Resort» логотипі бар ко-брендингтік картаны пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін («Shymbulak Mountain Resort» логотипі бар картаны пайдалана отырып операцияларды көрсететін ағымдағы шотты пайдалануды қоса алғанда) МСС санаттарына және олардың 5-кестеде көзделген сипаттамасына сәйкес қолма-қол ақшасыз төлем сомасының 10 (он) % мөлшерінде бонустар есептеледі:

5-кесте

МСС санаттары	Сауда және сервис кәсіпорнының сауда нүктесінің атауы	Сауда және сервис кәсіпорнының атауы	Сипаттамасы
7999 – демалыс қызметтері – басқа жерде жіктелмеген	«Шымбұлақ» станциясы	«SHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Кассаларда немесе мобильді қосымшада, «Төлемдер» бөлімінде скипастар мен аспалы жол билеттерін сатып алғаны үшін
	«Шымбұлақ» кассада		Жабдықты жалға алу, локерлерді жалға алу,

	«Медея» БС жалға алу		нұсқаушы қызметтері, массаж және спа үшін
	«CHIMBULAK» ЖАЛҒА БЕРУ № 2		
7996 - аттракционда р саябақтары, карнавалдар, цирктер, көріпкелдер	«Медеу» станциясы	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Кассаларда немесе мобильді қосымшада, «Төлемдер» бөлімінде скипастар мен аспалы жол билеттерін сатып алғаны үшін
7997 – клубтар– қала сыртындағы клубтар, мүшелік (Демалыс, спорт), жеке гольф алаңдары	«Медеу» станциясы	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Кассаларда немесе мобильді қосымшада, «Төлемдер» бөлімінде скипастар мен аспалы жол билеттерін сатып алғаны үшін
	«Медеу» станциясы- Гондола жолы		
	«Шымбұлақ» станциясы		
	Касса «Медеу» Станциясы 1-7		
	«Shymbulak» базалық станциясындағы Локер		Локерлерді жалға алу үшін
	«Chimbulak» тау шаңғысы мектебі		Нұсқаушылардың қызметтеріне ақы төлегені үшін
	«Shymbulak medeu camp» станциясы		Santa’s camp кіру және тұру ақысы үшін
7011 – қонақ үйлер мен мотельдер- басқа жерде жіктелмеген	«Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының ақпараттық орталығы	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Кассаларда немесе мобильді қосымшада, «Төлемдер» бөлімінде скипастар мен аспалы жол билеттерін сатып алғаны үшін
	Tenir Eco Hotel	«Alpine Hotel» ЖШС	Tenir экоотелінде тұру ақысы үшін
	Shymbulak Resort Hotel & Spa	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Shymbulak Resort Hotel & Spa- да тұру ақысы үшін
5941 – спорт тауарлары	«Chimbulak» тау шаңғысы мектебі	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Нұсқаушылардың қызметтеріне ақы төлегені үшін
8299-Басқа санаттарға енгізілмеген мектептер мен білім беру қызметтері	№2 «Kids Lab» балалар клубы	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Балалар бөлмесінің қызметтерін төлеу үшін
	№2 «Kids Lab» балалар клубы		

7032 – рекреациялық және спорттық лагерлер	«Chimbulak Medeu Camp» лагери	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Santa's camp-қа кіру және Shymbulak Medeu Camp-та тұру үшін ақы төлеу үшін
5812 – қоғамдық тамақтану орындары, мейрамханалар	Chalet	«MOUNTAIN RESORT» ЖШС	Chalet мейрамханасында төлеу үшін
	Paul	«French Bakery» ЖШС	Paul наубайхана кафесінде төлеу үшін
	Big Chefs	«Kitchen chefs» ЖШС	Big Chefs мейрамханасында төлеу үшін
	Dadli	ЖК Сувахунов И.С.	Dadli мейрамханасында төлеу үшін
	Assorti	«Assorti Chimbulak» ЖШС	Assorti мейрамханасында төлеу үшін
	Gusto Symbulak	«GUSTO FOOD & BEVERAGE» (Густо Фуд Бевериж) ЖШС	Gusto Caffè terrace ақысы үшін
	Monti Bambini	ЖК Ботоярова С.Н.	Monti Bambini отбасылық мейрамханасында төлегені үшін
	Basecamp yurta Shymbulak cafe	ЖК Бекмолда	Yurta кафесінде төлегені үшін
	Сарай-Бар	«ТАУ ЖОЛ МЕДЕУ» ЖШС	Мейрамханада төлегені үшін Сарай-бар
	La Skala	ЖК Project ELV	La Skala мейрамханасында төлеу үшін
	Shymbulak Resort Hotel & Spa	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Shymbulak Resort Hotel & Spa-да тұру ақысы үшін
5814 – Фастфуд	Marrone Rosso	«DMI Shymbulak» ЖШС	Marrone Rosso кофеханасында төлеу үшін
7299 – Әр түрлі қызметтер – басқа жерде жіктелмеген	Автотұрақ, «Медеу» станциясы	«CHIMBULAK DEVELOPMENT» ЖШС	Тұрақ терминалында немесе мобильді қосымшада, «Төлемдер» бөлімінде картамен тұрақ ақысын төлегені үшін

Банк эквайер банктердің сауда және сервис кәсіпорындарына МСС-ті дұрыс бермеуін қадағаламайды және 5-кестеде көрсетілгендерге сәйкес келмейтін сауда және сервис кәсіпорнында МСС-пен белгіленген POS-терминалдар бойынша бонустардың сомасын өтемейді.

МСС санаттарының тізімін Банк біржақты тәртіппен толықтыруы және қысқартуы мүмкін.

«Бізбен бірге болғаныңыз үшін рақмет» бонустарды қосымша есептеу қызметі үшін сипаттама

Клиенттерге операциялар жүргізу кезінде банк жүйелерінде техникалық іркілістер болған жағдайда, соңғы қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асырғаны үшін қосымша бонус есептеледі.

6-кесте

«Бізбен бірге болғаныңыз үшін рақмет»	2 000 бонус
---------------------------------------	-------------

«Мереке күнтізбесі» бонустарын қосымша есептеу қызметіне сипаттама

Клиенттерге мереке күндері/мереке күнтізбесінде көрсетілген күндерде қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін жоғарылатылған бонустар есептеледі (7-кесте).

7-кесте

Мереке күнтізбесі		
1-кестеде көрсетілген белгілі бір санаттар бойынша төменде көрсетілген күндерде x2 бонус		
Сипаттамасы	Күні	Санаттары
Жаңа жыл	29-31-желтоқсан	Киім және аяқ киім, Online Marketplaces
Халықаралық әйелдер күні	8-наурыз	Кафелер мен мейрамханалар, Сұлулық және сұлулық салондары, Фитнес және СПА
Наурыз	21-23-наурыз	Супермаркеттер, Саяхат
Қазақстан халқының бірлігі мерекесі	1-мамыр	Кафелер мен мейрамханалар, тағам жеткізу
Отан қорғаушылар күні	7-мамыр	Жиһаз және тұрмыстық техника, Online Marketplaces
Жеңіс күні	9-мамыр	Супермаркеттер
Астана күні	6-шілде	Кафелер мен мейрамханалар, тағам жеткізу
Ғашықтар күні	14-ақпан	Кафелер мен мейрамханалар, сұлулық салондары және косметика

Алматы марафоны	Өзгермелі күн	Фитнес және СПА, киім және аяқ киім
Білім күні	1-қыркүйек	Білім, балаларға арналған тауарлар